

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 5-нқ нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының м.а. 25.07.2018 № 15-нқ нормативтік қаулысымен

Ескерту. Нормативтік қаулының күші жойылды - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Төрағасының м.а. 25.07.2018 № 15-нқ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 17-бабы 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 85 бұйрығымен бекітілген "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына біліктілік талаптары бекітілсін.

2. "Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына біліктілік талаптарын бекіту туралы туралы" Есеп комитетінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 3-НҚ нормативтік қаулысының (2017 жылғы 30 мамырда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының көшірмелерінің қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің Интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің Төрағасы*

Н. Әбдібеков

Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылау жөніндегі
есеп комитетінің
2017 жылғы 29 маусымдағы
№ 5-НҚ нормативтік
қаулысымен бекітілген

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын БІЛКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Төраға кеңесшісі – 1 бірлік, В-4 санаты (1-1)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит); құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық).
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
	Есеп комитеті Төрағасының жиналыстары мен өзге де іс-шараларын ұйымдастыруға қатысу, Есеп комитеті аппаратының құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, оның шешімдерінің жобаларын дайындауға қатысу; Есеп комитеті Төрағасының сөйлейтін сөздерінің тезистерін дайындау; Есеп комитеті Төрағаның тапсырмасы бойынша Есеп

Функционалдық міндеттері	комитетінің отырыстарын және мемлекеттік аудиттің консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарын дайындауға қатысу; Есеп комитеті Төрағасының құзыретіне жататын мәселелер бойынша Есеп комитетінің ведомстволық бағынысты ұйымымен, мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара ақпараттық іс-қимылы; бұқаралық ақпарат құралдарында Есеп комитетінің оң имиджін қалыптастыруға қатысу; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру, әдеп жөніндегі уәкілдің функцияларын орындау.
--------------------------	---

Төрағаның көмекшісі – 1 бірлік, В-4 санаты (1-2)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит); құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық); гуманитарлық ғылымдар (халықаралық қатынастар).
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер; 7. Мүмкіндігінше ағылшын тілін білуі.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Төрағаның тапсырмаларын орындау; Есеп комитеті Төрағасының блогын және Есеп комитетінің Интернет-ресурсындағы "Сұрақ-жауап" бөлімін мониторингтеу; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының, соның ішінде шетел мемлекеттерінің және олардың халықаралық бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерді, семинарларды, кеңестерді өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға қатысу; Қазақстан Республикасы аумағында шетел мемлекеттерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен халықаралық отырыстарды, кездесулерді, семинарларды және басқа да халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу; БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау; БАҚ өкілдерінің Есеп комитетінің жұмысы туралы сұрауларына жауаптар дайындау; мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың және жеке тұлғалардың сұрауларына Төраға қол қоятын жауаптардың дайындалуын бақылау; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ БӨЛІМІ

Бөлім басшысы – мемлекеттік аудитор - 1 бірлік, В-1 санаты (2-1)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе қаржы, және/немесе есеп және аудит, және/немесе менеджмент, және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару), құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық).
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын, Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуі туралы мемлекеттік аудитор сертификатының болуы; 6. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 7. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы; 2. Мемлекеттік аудит және/немесе қаржылық бақылау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.
Функционалдық міндеттері	<p>Бөлім қызметкерлерінің қызметін үйлестіру және бақылау; құзыреті шегінде Есеп комитетінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін, Есеп комитетінің жылдық және тоқсандық жұмыс жоспарларын қалыптастыруға қатысу, мемлекеттік аудиттің жоспарларын, бағдарламаларын және аудиторлық тапсырмаларын келісу; жылдық, тоқсандық жұмыс жоспарларын және мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыруға қатысу, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, Есеп комитетінің отырыстарына шығарылатын мәселелерді дайындау; республикалық бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу бойынша іс-шараларда мемлекеттік аудиторлар тобы жетекшісінің міндеттерін жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін бағалау және олардың орындалу сапасын қамтамасыз ету;</p> <p>Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша материалдар мен қорытындыларды дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; Бөлімнің жұмысын жетілдіру, сондай-ақ Бөлім қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу, Есеп комитетінің қызметіне қатысты талдамалық материалдарды дайындау; Бөлімнің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша Есеп комитетінің мүдделерін білдіру; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.</p>

Бөлім басшысының орынбасары – мемлекеттік аудитор - 3 бірлік, В-2 санаты

(2-2, 2-3, 2-4)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе қаржы, және/немесе есеп және аудит, және/немесе менеджмент, және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару), құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық).
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын, Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуі туралы мемлекеттік аудитор сертификатының болуы; 6. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 7. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы. 2. Мемлекеттік аудит және/немесе қаржылық бақылау саласында кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.
Функционалдық міндеттері	<p>Бекітілген бағыттар бойынша Бөлім қызметкерлерінің қызметін үйлестіру және бақылау; мемлекеттік аудиттің жоспарларын, бағдарламаларын және аудиторлық тапсырмаларын келісу; жылдық, тоқсандық жұмыс жоспарларын және мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін қалыптастыруға қатысу, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, Есеп комитетінің отырыстарына шығарылатын мәселелерді дайындау; республикалық бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу бойынша іс-шараларда мемлекеттік аудиторлар тобы жетекшісінің міндеттерін жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін бағалау және олардың орындалу сапасын қамтамасыз ету; Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша материалдар мен қорытындыларды дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; Бөлімнің жұмысын жетілдіру, сондай-ақ Бөлім қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізу; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу, Есеп комитетінің қызметіне қатысты</p>

талдамалық материалдарды дайындау; Бөлімнің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша Есеп комитетінің мүдделерін білдіру; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Бас консультант-мемлекеттік аудитор – 44 бірлік, В-4 санаты (2-5, 2-6, 2-7, 2-8, 2-9, 2-10, 2-11, 2-12, 2-13, 2-14, 2-15, 2-16, 2-17, 2-18, 2-19, 2-20, 2-21, 2-22, 2-23, 2-24, 2-25, 2-26, 2-27, 2-28, 2-29, 2-30, 2-31, 2-32, 2-33, 2-34, 2-35, 2-36, 2-37, 2-38, 2-39, 2-40, 2-41, 2-42, 2-43, 2-44, 2-45, 2-46, 2-47, 2-48)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе қаржы, және/немесе есеп және аудит, және/немесе менеджмент, және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару), құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық).
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын, Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуі туралы мемлекеттік аудитор с е р т и ф и к а т ы н ы ң б о л у ы ; 6. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 7. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы; 2. Мемлекеттік аудит және/немесе қаржылық бақылау саласында кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.
Функционалдық міндеттері	Республикалық бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит жүргізу, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарының, мемлекеттік және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы тиімділігін бағалау бойынша іс-шараларға қатысу және олардың орындалу сапасын қамтамасыз ету; мемлекеттік аудит іс-шаралары бойынша материалдарға талдау жасап және жинақтау; Есеп комитетінің қызметіне қатысты талдамалық материалдарды дайындауға қатысу; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Бас сарапшы-мемлекеттік аудитор – 12 бірлік, В-5 санаты (2-49, 2-50, 2-51, 2-52, 2-53, 2-54, 2-55, 2-56, 2-57, 2-58, 2-59, 2-60)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе қаржы, және/немесе есеп және аудит, және/немесе менеджмент, және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару), құқық (құқықтану немесе халықаралық құқық).
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттарын, Сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, бюджеттің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуі туралы мемлекеттік аудитор с е р т и ф и к а т ы н ы ң б о л у ы ; 6. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 7. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы; 2. Мемлекеттік аудит және/немесе қаржылық бақылау саласында кемінде бір жыл не осы санаттағы нақты лауазымның тиісті функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде екі жыл жұмыс тәжірибесінің болуы.
Функционалдық міндеттері	Аудит объектілеріне мемлекеттік аудит жүргізу бойынша іс-шараларға қатысу; мемлекеттік аудит іс-шаралары бойынша материалдарға талдау жасау және жинақтау; Есеп комитетінің қызметіне қатысты талдамалық материалдар дайындауға қатысу; мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу; бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық материалдар дайындау; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМІ

Бөлім басшысы – 1 бірлік, В-1 санаты (3-1)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар

Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану).
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Бөлімге жалпы басшылықты қамтамасыз ету, Есеп комитетінің қызметіне қатысты жиынтық талдамалық және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу; бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық материалдарды дайындау; бөлімнің құзыретіне қатысты бөлігінде Есеп комитетінің стратегиялық, операциялық (жылдық), тоқсандық жоспарларының орындалуын қамтамасыз ету; ҚСХКЕС-ке сәйкес Бөлімнің бухгалтерлік есепті жүргізу қызметін үйлестіру, қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаражатының толық игерілуін қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау және орындалуына бақылау жүргізу; қаржыландыру жоспарының (баланс) орындалуы туралы есепті қалыптастыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік тілдің қолданылуына бақылау жасау; ісқағаздарын жедел жүргізуді, ісқағаздары бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету, мұрағат істерін жүйелендіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; құпия іс жүргізу бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету; құпия іс жүргізу бойынша қажетті құжаттарды, ұсынымдарды, нұсқаулықтарды әзірлеуді қамтамасыз ету; Есеп комитетінің құпия іс жүргізуін қамтамасыз ету.

Бөлім басшысының орынбасары – 1 бірлік, В-2 санаты (3-2)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану).
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі;

	<p>4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы заңнаманы білуі;</p> <p>5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы;</p> <p>6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.</p>
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	<p>Бөлімге жалпы басшылықты қамтамасыз ету, Есеп комитетінің қызметіне қатысты жиынтық талдамалық және әдістемелік материалдарды әзірлеуге қатысу; бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша талдамалық материалдарды дайындау; бөлімнің құзыретіне қатысты бөлігінде Есеп комитетінің стратегиялық, операциялық (жылдық), тоқсандық жоспарларының орындалуын қамтамасыз ету; ҚСХҚЕС-ке сәйкес Бөлімнің бухгалтерлік есепті жүргізу қызметін үйлестіру, қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаражатының толық игерілуін қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау және орындалуына бақылау жүргізу; қаржыландыру жоспарының (баланс) орындалуы туралы есепті қалыптастыруды қамтамасыз ету; мемлекеттік тілдің қолданылуына бақылау жасау; ісқағаздарын жедел жүргізуді, ісқағаздары бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету, мұрағат істерін жүйелендіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру; құпия іс жүргізу бойынша нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету; құпия іс жүргізу бойынша қажетті құжаттарды, ұсынымдарды, нұсқаулықтарды әзірлеуді қамтамасыз ету; Есеп комитетінің құпия іс жүргізуін қамтамасыз ету.</p>

Қаржы және материалдық қамтамасыз ету секторы

Сектор меңгерушісі – бас бухгалтер – 1 бірлік, В-4 санаты (3/1-3)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару).
Кәсіби құзыреттілігі	<p>1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы;</p> <p>2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі;</p> <p>3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі;</p> <p>4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, бюджет, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, сондай-ақ қаржы саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі;</p> <p>5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes, 1С бухгалтерия, "Қазынашылық-клиент", "Бюджет процесін мониторингтеу" және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы;</p> <p>6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер;</p> <p>7. Мүмкіндігінше ҚСХҚЕС-ке сәйкес аудит немесе бухгалтерлік есеп бойынша сертификаттарының және/немесе дипломдарының болуы.</p>

Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Сектор қызметіне жалпы басшылықты қамтамасыз ету, сектор қызметкерлері арасында міндеттерді бөлу; сектордың жұмысын ҚСХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есептің жүргізілуіне жалпы басшылық жасау бойынша үйлестіру, қаржыландыру жоспарына сәйкес бюджет қаражатының толық игерілуін қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алу жоспарының жасалуына және орындалуына бақылау жасау; өнім берушілермен есеп айырысуды мақсатына сай және уақтылы жүргізудің қамтамасыз етілуін; Қазынашылық комитеті органдарында азаматтық-құқықтық мәмілелерді уақтылы тіркеудің қамтамасыз етілуін; кассалық операциялардың жүргізілуін; жалақының, іссапар шығыстарының, салықтар және бюджетке төленетін төлемдердің есептелуін және төленуін; активтер мен запарлардың қозғалысына және сақталуына есептің жүргізілуін; активтерге, запарға, ақша қаражатына түгендеудің жүргізілуін бақылау; Есеп комитетінің тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік өтінімін жасау; бас кітапты жасау; есеп беретін тұлғалармен есеп айырысулардың есебін жүргізу; қаржыландыру жоспарының (баланс) орындалуы туралы есепті жасау; өз қызметінің саласындағы жиынтық талдамалық және әдістемелік материалдарды дайындауға қатысу. Есеп комитетінің есептік деректерін (Бюджет процесін мониторингтеу, Қаржыландыру жоспары, Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі, ІС Бухгалтерия, "Қазынашылық-клиент", Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі, "Е-Қаржымині" ИААЖ-ның "Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау мен шоғырландыру" кіші жүйесі) электрондық өңдеу бағдарламаларын ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Бас консультант – 1 бірлік, В-4 санаты (3/1-4)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару)
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, бюджет, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, сондай-ақ қаржы саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes, ІС бухгалтерия, "Қазынашылық-клиент", "Бюджет процесін мониторингтеу" және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер; 7. Мүмкіндігінше ҚСХҚЕС-ке сәйкес аудит немесе бухгалтерлік есеп бойынша сертификаттарының және/немесе дипломдарының болуы.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы

Функционалдық міндеттері	<p>Алдағы үшжылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімді жасау, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бюджеттік өтінімге және қаржыландыру жоспарларына сәйкес келуі бөлігінде әзірлеуге қатысу, қаржыландырудың жеке жоспарларын жасау, Бухгалтерлік есеп жүргізудің белгіленген қағидалары негізінде бухгалтерлік есеп жүргізу, Қазынашылық органдарында азаматтық-құқықтық мәмілелердің уақтылы тіркелуін жүзеге асыру, өнім берушілермен есеп айырысулар бойынша төлем құжаттарын қалыптастыру, республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын (бюджет қаражатының игерілуін) мониторингтеу нәтижелері туралы есеп бойынша жедел ақпаратты жасау және ұсыну, бөлінген бюджет қаражатын игеру бойынша жұмыстар жүргізу, қаржылық есептілікті (бухгалтерлік балансты) жасау кезінде қатысу. Ведомстволық бағынысты ұйым "Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық" РМК-нің даму жоспарының жобасын және оған енгізілетін түзетулерді қарау және бекітуге ұсыну, даму жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу және бағалау. Есеп комитетінің есептік деректерін (Бюджет процесін мониторингтеу, Қаржыландыру жоспары, Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі, ІС Бухгалтерия, "Қазынашылық-клиент", Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі, "Е-Қаржымині" ИААЖ-ның "Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау мен шоғырландыру" кіші жүйесі) электрондық өңдеу бағдарламаларын ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру. Өз қызметінің саласындағы жиынтық талдамалық және әдістемелік материалдарды дайындауға қатысу және өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.</p>
--------------------------	---

Бас консультант – 1 бірлік, В-4 санаты (3/1-5)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару); құқық (құқықтану).
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, бюджет, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, сондай-ақ қаржы саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да б і л і м д е р ; 7. Мүмкіндігінше ҚСХҚЕС-ке сәйкес аудит немесе бухгалтерлік есеп бойынша сертификаттарының және/немесе дипломдарының болуы.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы

Функционалдык міндеттері	<p>Есеп комитетінің бюджеттік өтінімін әзірлеуге қатысу, бюджеттік өтінімге материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлігінде есеп-қисаптарды жасау, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын әзірлеу, Есеп комитетін материалдық-техникалық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру, әкімшілік-шаруашылық мәселелерді шешу, Есеп комитетінің құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, бір көзден алу тәсілімен, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолданбайтын тәсілмен, аукцион тәсілімен және конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру, мемлекеттік сатып алу жоспарына және қаржыландыру жоспарына сәйкес өткізілген мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша өнім берушілермен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа жүгіну, мемлекеттік сатып алу шарттарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру, мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша міндеттемелер орындалмаған және тиісінше орындалмаған кезде ықпал ету шараларын қолдану бойынша жұмыстарды жүргізу, өзінің қызметіне қатысты мемлекеттік сатып алу шарттарының талаптарына сәйкес техникалық өзіндік ерекшеліктерге өнім берушілерден алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және жұмыстардың сәйкес келуіне бақылауды жүзеге асыру, Есеп комитетінің аппаратын орналастыру үшін алаңдар нормаларының және телефон байланысын пайдалануға тиесілілік нормаларының сақталуы бойынша жұмыстар жүргізу, белгіленген лимиттерге сай көліктік қызмет көрсету үшін қызметтік және арнайы автомобильдердің тиесілілік нормативтерінің сақталуы бойынша жұмыстар жүргізу. Өз қызметінің саласындағы жиынтық талдамалық және әдістемелік материалдарды дайындауға қатысу және өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.</p>
--------------------------	---

Сарапшы – 1 бірлік, В-6 санаты (3/1-6)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе әлемдік экономика және/немесе мемлекеттік және жергілікті басқару және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит), құқық (құқықтану).
Кәсіби құзыреттілігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, бюджет, салық, кеден заңнамасын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу және бухгалтерлік есеп саласындағы заңнаманы, сондай-ақ қаржы саласындағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін білуі; 5. Осы лауазым бойынша функционалдык міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да б і л і м д е р ; 6. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes, 1С бухгалтерия, "Қазынашылық-клиент", "Бюджет процесін мониторингтеу" және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы;

	7. Мүмкіндігінше ҚСХҚЕС-ке сәйкес аудит немесе бухгалтерлік есеп бойынша сертификаттарының және/немесе дипломдарының болуы.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Есеп комитетінің бюджеттік өтінімін әзірлеуге қатысу, бюджеттік өтінімге жалақы бойынша есеп-қисаптарды жасау, бекітілген штаттық орналастыру шегінде Есеп комитетінің штат кестесін жасау, Есеп комитетінің кассалық операцияларының есебін жүргізу; өз қызметінің саласы бойынша талдамалық материалдарды дайындау, ҚСХҚЕС-ке және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес Бухгалтерлік есеп жүргізудің белгіленген қағидалары негізінде бухгалтерлік есеп жүргізу, кассирдің міндеттерін орындау, бекітілген Кассалық операцияларды жүргізу қағидаларына сәйкес кассалық операциялардың есебін жүргізу, қаражаттың қозғалысы және шоттардағы қалдықтар бойынша талдамалық есепті жүргізу, негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің есебін жүргізу, түгендеу жүргізу, дұрыс құжаттамалық ресімделуін және есепке алу тіркелімдерінде уақтылы көрсетілуін қамтамасыз ете отырып, запастардың түсуінің, ауыстырылуының және жұмсалыуының жүйелі есебін жүргізу, жалақы, зейнетақы жарналары, салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру, салық есептілігін және статистикалық есептілікті жасау. Есеп комитетінің есептік деректерін (Бюджет процесін мониторингтеу, Қаржыландыру жоспары, Мемлекеттік жоспарлаудың ақпараттық жүйесі, ІС Бухгалтерия, "Қазынашылық-клиент", Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі, "Е-Қаржымині" ИААЖ-ның "Қаржылық және бюджеттік есептілікті жинау мен шоғырландыру" кіші жүйесі) электрондық өңдеу бағдарламаларын ақпаратпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру. Өз қызметінің саласындағы жиынтық талдамалық және әдістемелік материалдарды дайындауға қатысу және өзінің құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Құжат айналымын бақылау секторы

Сектор меңгерушісі – 1 бірлік, В-4 санаты (3/2-7)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету); құқық (құқықтану)
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын, Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б.

	бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Сектор қызметіне жалпы басшылықты қамтамасыз ету, сектор қызметкерлері арасында міндеттерді бөлу; бекітілген бағыттар бойынша сектор қызметкерлерінің қызметін үйлестіру, Есеп комитетінде құжат айналымын және құжаттаманы басқаруды ұйымдастыру; электрондық құжат айналымы жүйесінде кіріс, шығыс, қызметтік хат-хабарларды жедел және уақтылы өңдеу мен тіркеуді ұйымдастыру; Құжаттама жасау және құжаттаманы басқару қағидаларының нормаларын әзірлеу және сақтау; істер номенклатурасын әзірлеу; азаматтардың өтініштерін қарау нәтижелері туралы ай сайынғы есептерді және тоқсан сайынғы талдамалық ақпаратты дайындау; басшылықтың тапсырмалары бойынша келіп түскен хаттар мен сұрауларға ақпарат дайындау, ведомстволық мұрағаттың жұмысын ұйымдастыру; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Бас сарапшы – 1 бірлік, В-5 санаты (3/2-8)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету); құқық (құқықтану).
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын, Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Практикалық тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Электрондық құжат айналымы жүйесінде кіріс, шығыс және қызметтік хат-хабарлардың жедел және уақтылы өңделуін және тіркелуін қамтамасыз ету, Есеп комитетінің іс жүргізілуі аяқталған құжаттарын қабылдау, есепке алу, сақтау және мемлекеттік сақтауға өткізу үшін істерді техникалық өңдеу бойынша жұмыстар жүргізу; азаматтардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша ай сайынғы есептер мен тоқсан сайынғы талдамалық ақпаратты дайындау; істер номенклатурасын әзірлеуге қатысу, Құжаттама жасау және құжаттаманы басқару қағидаларының нормаларын әзірлеуге

қатысу және сақтау; басшылықтың тапсырмасы бойынша келіп түскен хаттар мен сұрауларға ақпарат дайындау, ведомстволық мұрағаттың жұмысын қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Бас сарапшы – 1 бірлік, В-5 санаты (3/2-9)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету); құқық (құқықтану).
Кәсіби құзыреттілігі	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі; 3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі; 4. "Мемлекеттік құпиялар туралы", "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын, Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы білуі; 5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы; 6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	Құпия іс жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қамтамасыз ету; қызметкерлерге рұқсаттарды ресімдеу (соның ішінде уақтылы қайта ресімделуін бақылау); Есеп комитеті қызметкерлерінің қабылдаған шектеулерді (құпия тасымалдағыштардың шетелге, соның ішінде жеке басының шаруасымен және қызметтік сапармен шығуы кезінде) сақтауын бақылау; Есеп комитеті қызметкерлерінің шетелдіктермен кездесулерін бақылау; техникалық қорғау құралдарымен уақтылы жарактандыруға арналған өтінімдерді уақтылы жасау; құпия іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша қажетті құжаттама, ұсынымдар және нұсқаулықтар әзірлеу; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Сарапшы – 2 бірлік, В-6 санаты (3/2-10, 3/2-11)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: әлеуметтік ғылымдар және бизнес (экономика және/немесе менеджмент және/немесе қаржы және/немесе есеп және аудит және/немесе мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету); құқық (құқықтану).
	1. Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес құзыретінің болуы; 2. Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттардың

Кәсіби құзыреттілігі	<p>мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тестілеу бағдарламасында көзделген Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі;</p> <p>3. "Қазақстан - 2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын және Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, аталған санаттың нақты лауазымының маманданымына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, ішкі негізгі бағдарламалық құжаттарды білуі;</p> <p>4. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқарудың үлгілік қағидаларын, Есеп комитеті туралы ережені, Есеп комитетінің Регламентін, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы білуі ;</p> <p>5. Компьютерде Microsoft Word, Excel, Power Point, Internet, IBM Lotus Notes және т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы ;</p> <p>6. Осы лауазым бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да білімдер.</p>
Жұмыс тәжірибесі	Үлгілік біліктілік талаптарына сәйкес болуы
Функционалдық міндеттері	<p>Электрондық құжат айналымы жүйесінде кіріс, шығыс және қызметтік хат-хабарлардың жедел және уақтылы өнделуін және тіркелуін қамтамасыз ету, Есеп комитетінің іс жүргізілуі аяқталған құжаттарын қабылдау, есепке алу, сақтау және мемлекеттік сақтауға өткізу үшін істерді техникалық өңдеу бойынша жұмыстар жүргізу;</p> <p>азаматтардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша ай сайынғы есептер мен тоқсан сайынғы талдамалық ақпаратты дайындау; істер номенклатурасын әзірлеуге қатысу, Құжаттама жасау және құжаттаманы басқару қағидаларының нормаларын әзірлеуге қатысу және сақтау; басшылықтың тапсырмасы бойынша келіп түскен хаттар мен сұрауларға ақпарат дайындау, ведомстволық мұрағаттың жұмысын қамтамасыз ету; өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асыру.</p>

Мемлекеттік тілді дамыту және коммуникация секторы

Сектор меңгерушісі – 1 бірлік, В-4 санаты (3/3-12)

Өлшемшарттар	Қойылатын талаптар
Білімі	Жоғары білімі: гуманитарлық ғылымдар (филология және/немесе аударма ісі); білім беру (қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті қазақ мектебінде).
